

## Қарағанды қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы

### ***Күшін жойған***

Қарағанды қалалық мәслихатының IV шақырылған LIX сессиясының 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 611 шешімі. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 желтоқсанда № 8-1-146 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 2019 жылғы 15 мамырдағы № 409 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының 15.05.2019 № 409 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ**:

1. Бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы әлеуметтік көмек:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушыларға, сонымен қатар зейнетақының ең төменгі мөлшерін және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушыларға;

**РҚАО-ның ескертпесі!**

**2) тармақшаның қолданысы 2012.03.01 дейін - Қарағанды қалалық мәслихатының 2012.01.24 N 17 шешімімен тоқтатылды.**

2) жетім – балалар, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, дамуындағы мүмкіндіктері шектеулі болатын балалар, мүгедек балалар, көпбалалы отбасылардан шыққан балалар, ата – анасының бірінен айырылған балалар, жалғыз басты аналардың балалары арасынан күндізгі оқу нысанындағы барлық білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиленушілеріне көрсетілсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қарағанды қалалық мәслихатының 2012.04.16 N 31 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

2. Ай сайынғы әлеуметтік көмекті қаржыландыру "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" 007 бағдарламасында көзделген қаражаттар есебінен жүргізілсін.

3. Қарағанды қаласының әкімдігіне осы шешімді жүзеге асыру бойынша қажетті шараларды қабылдау ұсынылсын.

4. "Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне әлеуметтік көмек тағайындау үшін зейнетақы мен жәрдемақы алушылар жөнінде ақпараттың ай сайынғы берілуі "Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығы" Қарағанды облыстық филиалына қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Күші жойылды деп танылсын:

1) IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2007 жылғы 24 қазандағы II сессиясының "Қарағанды қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 21 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген N 8-1-61, 2007 жылдың 12 қарашасындағы N 127 (315) "Взгляд на события" газетінде жарияланған);

2) IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2008 жылғы 26 қарашадағы XV сессиясының "IV шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2007 жылғы 24 қазандағы II сессиясының "Қарағанды қаласының мұқтаж азаматтарының жекелеген санаттарына ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету туралы" N 21 шешіміне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" N 157 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген N 8-1-79, 2008 жылдың 17 желтоқсандағы N 129 (458) "Взгляд на события" газетінде жарияланған).

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту және халықты әлеуметтік қорғау бойынша тұрақты комиссиясына жүктелсін (төрағасы Асхат Қанатұлы Аймағамбетов).

7. Осы шешім 2012 жылғы 1 қаңтарынан бастап ресми жарияланғанынан кейін қолданысқа енгізіледі.

IV шақырылған Қарағанды

қалалық мәслихатының кезекті

LIX сессия төрағасы

В. Крючков

Қарағанды қалалық

мәслихатының хатшысы

К. Оспанов

Келісілді:

"Қарағанды қаласының жұмыспен  
қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекеме бастығы

Ж. Ысқақов

14.12.2011 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК